

Итоговые результаты педагогического эксперимента по апробации модуля физической подготовки дзюдоистов УТГ 1-2 года обучения.

1) В тесте «бег на 1000 м.» (мин) у испытуемых контрольной группы просматривается положительная динамика на 4 с. быстрее, у испытуемых экспериментальной группы – на 9 с., что указывает на значительный прирост (5 с.) аэробной выносливости у юношей экспериментальной группы.

2) В тесте «10 запрыгиваний на скамью 70 см.» (сек.) у испытуемых контрольной группы просматривается положительная динамика на 0,5 с. быстрее, у испытуемых экспериментальной группы – на 1 с. (прирост 0,5 с.).

3) В тесте «забегания на борцовском мосту» у испытуемых контрольной группы просматривается положительная динамика на 0,35 с. быстрее, у испытуемых экспериментальной группы – на 0,8 с. (прирост 0,45 с.).

4) В тесте «подъем разгибом из положения на борцовском мосту» у контрольной группы наблюдается прирост результатов на 0,1 балла; а у испытуемых экспериментальной группы на 0,3 балла (прирост 0,2 балла).

5) В тесте «вставание из стойки на "мост"» у контрольной группы наблюдается прирост результатов на 0,2 балла; а у испытуемых экспериментальной группы на 0,35 балла (прирост 0,15 балла).

Таким образом, применение инновационных технологий в физической подготовке по дзюдо более эффективно, чем в традиционной системе обучения.

Терминологический анализ проблемы инновационной деятельности педагога показал, что понятия «инновационные процессы», «инноватика» относятся к числу появившихся в педагогической науке сравнительно недавно и главной целью инновационных технологий образования является подготовка человека к жизни в постоянно меняющемся мире. Сущность такого обучения состоит в ориентации учебного процесса на потенциальные возможности человека и их реализацию. Образование должно развивать механизмы инновационной деятельности, находить творческие способы решения жизненно важных проблем, способствовать подготовке спортсменов.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

- 1 Дзюдо: примерная программа спортивной подготовки для ДЮСШ, СДЮШОР / Акопян А.О. – М.: Советский спорт, 2008.
- 2 Лернер И.Я. Проблемное обучение. – М., 1974.
- 3 Андреев В.И. Педагогика: учебный курс для творческого саморазвития / В.И. Андреев. – Казань, 2000.
- 4 Пидкасистый П.И. Технология игры в обучении – М., Просвещение, 1992.

ҚАЗАҚША ОЙЛАУ МЕН ҚАЗАҚША СӨЙЛЕУДІҢ ПРАКТИКАЛЫҚ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АЯСЫНДА ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ СҰРАНЫСТАРЫН ҚАНАҒАТТАНДЫРУ

Қозғанбаева М.Т.,

Дарынды балаларға арналған «Озат» мектеп-интернаты, Қостанай қ., Қазақстан

Annotation. This article deals with the satisfaction of cognitive needs of gifted children, the initiation of cognitive activity of gifted children through the organization of in-depth teaching of the official language, student-centered components.

Бүгінде мемлекеттік тіл басқа тілде сөйлейтін адамдардың өзара қарым-қатынасын қамтамасыз етіп келеді. Қазақстан Республикасының Тіл туралы тұжырымдамасында айтылғандай, «Мемлекеттік тілдің беделін, оны білу әрбір азаматтың өмірлік қажетіне айналатындай, қазақстандық патриотизмнің құранды бөлігі болатындай деңгейге көтеру қажет». /1/

Қазақ тіліне оқытудың негізгі мақсаты – оқушы өзі оқып жатқан тілінің тілдік ортасында тұрғандай сөйлеуге дайындау. Оқушы табиғи қарым-қатынасқа түсіп, сөйлеудегі қиындықтармен кездесіп, оларды өздігінен жеңе алатындай дәрежеге жеткен кезде ғана оқыту үрдісі мақсатты бағытталған және тиімді болып есептеледі. Оқушыларға қазақ тілін қабылдап-түсінуге үйретудің ең тиімді де дұрыс жолы және басты шарты – оқытушының өзінің сабақ үстінде тек қазақ тілінде сөйлеуі болып табылады.

«Қазақстан халықтарының рухани даму және ұштығұрлы тіл саясаты» негізінде әлемдік білім беру кеңістігіне толығымен кіру, білім беру жүйесін халықаралық деңгейге көтеру талаптары «Озат» дарынды балаларға арналған мектеп-интернатында басшылыққа алынып отыр.

Қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы биология пәні ағылшын тілінде, Қазақстан тарихы пәні қазақ тілінде, қазақ тілі қазақ мектебінің бағдарламасы бойынша оқыту арқылы дарынды оқушылардың танымдық әулетін арттыру, алған білімін өмір қажеттілігіне қолдана білу қабілеттерін қалыптастыру олардың коммуникативті дағдыларын дамыта отырып, бәсекеге қабілеттілігін арттырудың бірден-бір тиімді жолы екені сөзсіз.

Қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдерінің алдында көптеген мәселелерді шешу тура келді. Сабақ берудің әдістемелік жағы тиімді әрі нәтижелі қамсыздандырылуы бір жақтан, 8-ші сыныпқа дейін оқуы орыс тілінде жүргізілетін мектебінің бағдарламасы бойынша оқытылып келе жатқан оқушыларына дұрыс талап қоя білу, оған жету басқа жағынан жан-жақты талқыланды. Оқушылардың білім деңгейін қадағалау, бақылау мақсатымен дифференциалды карта бақылауы жүргізілуде. Картаның берер мүмкіндігі:

- 1) оқу жылының басындағы және оқу жылының аяғындағы білім көрсеткіштерін салыстырып, қорытындылау, талдау жасау;
- 2) барлық кемшіліктерді көріп, нақты кеңес беру;
- 3) оқушыларға, курс қатысушыларына бақылау жүргізу.

Дифференциалды карта бақылауы

Оқушы-ның аты-жөні	сөйлеу						тыңдау, қабылдау, ұғу			оқу					жазу	
	сұрақ қоя білу	жауап бере білу	сипаттау	хабарлау	мазмұндау	мінзедеме беру	таныс сөздер	таныс емес материал	сұрай білу	жалпы мазмұн	толық түсінікпен	оқу жылдамдығы	сөздікті пайдалану	өзіндік ойлау	орфография	жазу шашпандығы

Қазақ мектебінің бағдарламасына қосымша 34 сағатты бағдарлама құрастырылған болатын. Мысалы 8-ші сыныптар үшін «Шешендік өнер», ал 10-шы сыныптар үшін «Қазақ әдеби тілдің тарихы» салаларынан оқушылардың білімдерін толықтыруды жөн көрдік. Сонымен қатар қосымша бағдарлама мазмұны оқытылатын бағдарламамен сабақтас әрі дарынды балалардың танымдық сұранысын қанағаттандырады. Жоғарыда аталған қосымша бағдарлама мен қазақ мектебінің бағдарламасы негізінде тақырыптық – күнтізбелік жоспар құрастырылды. Бүгінгі таңда қазақ тілі пәні аптасына 3 рет, тіл дамыту пәні 2 рет, қазақ әдебиеті пәні 1 рет жүргізіледі.

Қазақ тілі сабақтарын әдістемелік, дидактикалық жағынан тиісті дәрежеде қамтамасыз ету қолға алынған. Әдістемелік кафедра құрамында 4 мұғалім жұмыс істейді. Олардың 2-і жоғары дәрижелі бірінші категориялы мамандар болса, қалғандары жоғары дәрижелі екінші категориялы мамандар. Жалпы кафедра мұғалімдері әрдайым ізденісте, өйткені сабақ құры-

лысын жан-жақты сауатты әрі нәтижелі құрастыру үлкен педагогикалық шеберліктің, ізденімпаздықтың жемісі болары анық. Айтарлықтай, қазақ тілі сабағын өткізетін кабинеттер қазіргі заман талабына сай жабдықталған. Әр сабақта интерактивті тақта мүмкіншіліктері пайдаланылады. Атап айтсақ, тек қана көрнекілік құралы ретінде ғана емес, сонымен қатар коммуникативтік, әрекеттік, мәдениеттанымдық құзіреттіліктері мен жобалаушылық қабілеттерін дамыту мақсатында тиімді қолданылады. Мысалы тестілеу жұмысын атқару барысында уақыт үнемделеді. Мұғалімнің де оқушының да тест тапсырмаларын орындап, тексеру жұмысы жеңілдетіледі. Сабақты эстетикалық талғамға сай көрнекі-құралдармен қамтамасыз ету жағынан да көптен тиер көмегі зор.

Қазақша ойлау мен қазақша сөйлеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру аясында қазіргі білім беру саласында тиімді әрі нәтижелі педагогикалық технологияларды қолдануды жөн көремін. Бұл жолда әр мұғалімнің өздігінен мамандық шеберлігін дамыту, педагогикалық білімін кеңейту мақсатында жұмыс жоспары белгіленеді. Өзімнің әдістемелік тақырыбым: «Жаңашыл білім беру технологиялары: мазмұны, ұйымдастыру жолдары, дидактикалық мәселелер, қолдану әдісі».

Қазақ әдебиеті сабақтарында сыни тұрғыдан ойлау технологиясының нақты әдістері мен тәсілдері қолданылса, қазақ тілі сабақтарында ұжымдық оқыту тәсілі, ақпараттық технология, деңгейлеп оқыту, коммуникативті технология, интерактивті әдістер қолданылады. Сабақтарды әдістемелік жағынан тиімді қамтамасыз ету мақсатында сабақтарға технологиялық карта құрастыру қолға алынуда.

Дарынды балалардың танымдық сұраныстарын қанағаттандыру мақсатымен арнаулы курс ұйымдастырылды. «Қазақ тілі практикумы», «Әдебиеттану» атты курстары оқушыларға қазақ тілі пәні бойынша терең білім беріп, олардың осы пәнге деген қызығушылығын арттыру, қазақ тілінің байлығы, көркемдігі, әуездігі, сөйлеу мәдениетін танытуды көздейді, танымдық сұраныстарын қанағаттандыруға мүмкіншілік жасайды.

Дарынды және шығармашылық қабілеті жоғары балалармен жұмыс істейтін мұғалімнің рөлі тек білімді беру емес, дара тұлғаның өзіндік мүмкіндігін ашу, оқушының өзіндік дамуына бағалауына және ойлау дербестігіне көп көңіл бөлу, өйткені бұл шығармашылық потенциалының айқындалуына мүмкіндік туғызады.

Дарынды да талапты жастар – бүгінгі егеменді еліміздің жарқын болашағы. Осыған орай, Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Бізге керегі – шын дарындылар. Нарық қол-аяғымызды қалай қыспасын мемлекет өзінің талантты ұлдары мен қыздарын, тарланбоз жүйріктерін қолдауға, қорғауға міндетті», – деп жеткіншіктер болашағына үлкен мән берген. Баланың бойында күш-қуаты жеткілікті, шын дарынды екендігіне сендіру – ұстаз бойындағы құдіретті күш, өйткені сенім үлкен жеңіске жетелейді. Терең біліммен қоса, саналы тәрбие беру – әрбір ұстаздың абыройлы міндеті.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Қазақстан Республикасының тіл саясаты. – А., 1999.
- 2 Қазақстан Республикасының Президентінің 2001 жылғы 7-ақпанындағы 550 «Тілдерді қолдану мен дамытудың» 2001–2010 жылдарға арналған мемлекеттік Бағдарламасы.
- 3 Қосымова Г., Құрманова Н. Қазақ тілі: әдістемелік нұсқау. – Алматы: «Мектеп», 2008.